

кафедра: Кәсіпорын менеджменті
пән: Экономика негіздері

4-тақырып.

Нарықтық экономиканың негіздері

Авторы: а.о.Жуманбаева Т.К.

▶ Жоспар:

1. Қоғамдық шаруашылық және оның түрлері.

2. Нарықтың мәні және түрлері, негізгі қызметтері

3. Нарықтың құрылымы және оның түрлері, инфрақұрылымы

1. Қоғамдық шаруашылық және оның түрлері.

Қоғамдық шаруашылық деп араларында қызметтердің (іс-әрекеттердің) және осы қызметтер нәтижелерінің айырбасы жасалып отыратын, бір-бірімен өзара байланысты экономикалық субъектілердің жиынтығын айтамыз.

Қоғамдық шаруашылықтағы айырбас **екі түрде** болады: **табиғи және тауарлы.**

Табиғи айырбасқа

сәйкес келетін натуральды шаруашылық болып табылады, бұнда өнімдер шаруашылық ішінде тұтынуға, өндірушілердің тек өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өндіріледі.

Тауарлы шаруашылық

табиғимен салыстырғанда дамыған, әрі күрделі болып саналады, бұнда еңбек өнімдері тек өздері тұтыну үшін ғана емес, сонымен қатар нарықта айырбастау үшін де өндіріледі.

2. Нарықтың мәні және түрлері, негізгі қызметтері

Нарық - сатушылар мен сатып алушылардың арасында сұраныс пен ұсыныс заңдарының негізінде жүретін өзара іс- қимылдарының процесі ретінде, ол нарық субъектілерінің еркін іс-әрекеттерімен, нарықтың бағалардың еркін ауытқуларымен және тұтынушыға бағытталуымен сипатталады.

Нарықтық қатынастардың **субъектілері** болып заңды (құқықтық) және физикалық тұлғалар саналады.

Нарық қатынастарының **объектілері** - игіліктер мен қызметтерге, өндіріс факторларына байланысты туындайтын нарықтық қатынастар. **Нарық субъектілерін** оның қазіргі замандағы көптүрлілігіне қарай **үш топқа** бөлуге болады:

- 1. үй шаруашылықтары**
- 2. бизнес (фирмалар)**
- 3. мемлекет.**

Нарық келесі қызметтерді атқарады: баға қалыптастыру, ақпараттық, бағалау, ынталандыру, бөлу, тазалау.

Баға қалыптастыру қызметі

сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде тауардың бағасы тағайындалады.

Ақпараттық қызмет -

нарықтың барлық субъектілеріне, олардың әрқайсысының сатып алатын немесе сататын тауарлары мен қызметтерінің қажетті саны, ассортименті және сапасы туралы ақпараттар беріп отырумен орындалады

Бағалау қызметі

өнімнің нарықтық құнын анықтайтын өндірістің жеке шығындарын қоғамдық қажетті шығындармен салыстыру арқылы орындалады.

Ынталандыру қызметі

ең алдымен техникалық прогресті, еңбек өнімділігінің өсуін, өнімнің сапасын арттыруды, келешегі мол өндіріс салаларың дамытуды ынталандыратын бәсеке нәтижесі түрінде көрінеді.

Бөлу қызметі

экономикалық ресурстарды өндірушілер - сатушылар арасында бөлу; өндірілген игіліктерді сату; нарық субъектілерінің табыстарының қалыптасуы және олардың әрі қарай бөлінуі және қайта бөлінуі сияқты процестерді қамтамасыз етеді.

Сауықтырушы қызметі -

нарықтың экономиканы тиімсіз, рентабельділігі төмен фирмалардан “тазалау” арқылы, оны сауықтырып отырумен орындалады.

Нарықтың барлық қызметтерінің іске асуы оның қоғамның экономикалық жүйесіндегі рөлін ерекшелендіреді. Нарықтың рөлі бір жақты болмайды, оның жағымды да, жағымсыз да жақтары бар.

Артықшылығы:

- қоғамға қажетті тауарлар өндірісіне ресурстарды тиімді түрде бөлу;
- өте шектеулі ақпараттармен жетік түрде қызмет істеу мүмкіндігі;
- өзгермелі жағдайларға икемділігі және оларға бейімделудің жоғарғы деңгейі;
- ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелерін оңтайлы қолдану;
- тұтынушылар мен өндірушілердің іс-әрекеті мен таңдауындағы еркіндік;
- әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру, тауарлар мен қызметтердің сапасын жоғарылату қабілеттілігі;
- өнім ассортименттерін кеңейтуге, шығындарды төмендетуге және соның арқасында өз өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға ынталану және т.б.

Нарықтың кемшіліктері :

- онда қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық механизмі жоқ;
- қайта өндірілмейтін ресурстарды сақтап қоюға септігін тигізбейді;
- барлық адамзаттың меншігіндегі ресурстарды қолдануды реттей алмайды;
- ғылыми кадрларды дайындауда, іргелі зерттеулерді іске асыруда қызмет істейтін мотивациясы жоқ;
- ұжымдық тұтыну (“қоғамдық тауарлар” деп аталатын) тауарлары мен қызметтерін өндіруде ынталандыру жасамайды;
- жарнамаға өте көп шығындарды қажет етеді;
- еңбекке және табысқа құқықты кепілдемейді;
- кедейлер мен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етпейді;
- тұрақсыз дамуға: дағдарыстарға, инфляцияға, монополияға бейім болады.

3. Нарықтың құрылымы және оның түрлері, инфрақұрылымы

Нарық құрылымы күрделі және ол экономиканың барлық сфераларына ықпалын тигізіп отырады. Нарықтың **экономикалық құрылымы** келесі жағдайлармен ерекшеленеді:

- меншік формаларымен (мемлекеттік, жеке, ұжымдық, аралас);
- шаруашылық субъектілерінің әр түрлі формаларының экономикадағы үлес салмағымен белгіленетін, тауар өндірушілердің құрылымымен (мемлекеттік, арендалық, кооперативтік, жеке меншік кәсіпорындары, т. б.);
- тауар айналымы сферасының ерекшеліктерімен;
- шаруашылықтың құрылымдық бөлімдерінің мемлекет иелігінен алыну және жекешелендіру дәрежесімен;
- осы елде пайдаланылатын сауданың түрлерімен.

Нарық құрылымын бөлу критерийлері:

1. Нарық қатынастары объектілерінің атқаратын экономикалық қызметтері бойынша:

- игіліктер мен қызметтер нарығы;
- өндіріс құралдарының нарығы;
- ғылыми-техникалық жұмыстар нарығы;
- құнды қағаздар нарығы;
- жұмыс күші нарығы.

2. Нарықтарды тауарлық топтар бойынша жіктеу:

- өндірістік қызметке бағытталған тауарлар нарығы;
- халық тұтынатын тауарлар нарығы;
- азық-түлік тауарларының нарығы;
- шикізат пен материалдар және т.б. нарықтары.

3. Кеңістік (территориялық) өлшемдері бойынша:

- аймақ ішіндегі;
- аймақаралық;
- республикалық;
- халықаралық (әлемдік) нарықтар.

4. Бәсекенің шектелуі дәрежесі бойынша:

- жетілген;
- жетілмеген.

5. Нарық қатынастарының субъектілері бойынша:

- көтерме сауда нарықтары. Бұнда сатып алушы мен сатушылар болып кәсіпорындар және ұжымдар әрекет етеді.
- бөлшек сауда нарықтары. Бұндағы сатып алушылар - жеке азаматтар.
- ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекет сатып алу нарықтары. Бұнда сатып алушы мемлекет. – ауыл шаруашылық өнімдерін тікелей сату.

6. Экономикалық заңдылықты сақтау жағынан:

- заңды, ресми нарықтар;
- заңды емес, “көлеңкелі” нарықтар.

Нарық құрылымын зерттеу нарықтың **үш ірі дербес секторын** бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

1. Тауарлар мен қызметтер нарығы

Оның құрамына келесі нарықтар кіреді: тұтыну заттарының, қызметтердің нарығы; ақпараттар мен ғылыми-техникалық әзірлеулер; технология және ноу-хау; жобалық және мердігерлік жұмыстар және т.б.

2. Өндіріс факторларының нарығы

құрамына үш сегмент кіреді: жер нарығы, еңбек нарығы (жұмыс күшінің), капиталдар нарығы.

3. Қаржы нарығы

бұл нарықтың құрамына ақша нарығы, құнды қағаздар нарығы, несие, сақтандыру, валюта нарықтары кіреді.

Инфрақұрылым - бұл фирмалар мен адамдардын қалыпты түрде өндірістік қызметтер атқаруына қажетті қызметтер көрсететін шаруашылық ұжымдары мен коммерциялық емес мекемелердің жиынтығы. Инфрақұрылымда **5 бөлімді** ерекшелеп көрсетеді:

1) коммерциялық	2) өндірістік	3) ғылыми-техникалық	4) әлеуметтік	5) институционалдық
банктер, биржалар, сақтандыру қоғамдары, сауда үйлері, консультациялық, құқықтық, аудиторлық, жарнамалық-маркетингтік фирмалар және т. б.);	транспорт, байланыс және т.б.;	ғылым, ақпараттық байланыстар, лизингтік, инжиниринг фирмалары, кадрларды дайындау және қайта дайындау;	тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау және т. б.;	мемлекеттік және жергілікті әкімшілік жүйесі.

Нарықтық **инфрақұрылымның элементтері:**

тауар және қор биржалары; сауда үйлері; көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындары; жәрменкелер мен көрмелер; аукциондар; делдалдық құрылымдыр; сауда- өндірістік палаталары; кеден мекемелері; әртүрлі қызметтер көрсететін ұжымдар мен мекемелер.

Нарық механизмінің өте маңызды элементтері - **сұраныс пен ұсыныс, баға, бәсеке.**

СӨЖ

1. Тауар қасиеті. Капитал (негізгі, айналымалы). Тозу (түрлері)